

Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3310. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 265 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008.12.22 N 265 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 959 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған бюджет шығыстарының экономикалық ерекшелігінің құрылымы бекітілсін.

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы және әдіснамалық талдау департаменті (Д.М.Шәженова) Заң басқармасымен (М.Д.Әйтемов) бірлесіп, осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы

N 168 бұйрығымен бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЫНЫПТАМАСЫ ЕРЕКШЕЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ескерту: Құрылымға өзгерту енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 69 , 2006 жылғы 17 қаңтардағы N 1 , 2006 жылғы 15 тамыздағы N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 -тармақтан қараңыз), 2007.04.30. N 77 , 2007.07.05. N 121 , 2007.09.27. N 176 , 2007.11.29. N 211 Бұйрықтарымен.

--	--	--	--	--

Сы- ныпша	Ерек- ше- лігі	Атауы	Анықтама	Шығындардың тізбесі
110		Жалақы		
			<p>Мемлекеттік меке- мелердің қызмет- керлеріне лауазым- дық міндетме- лерін орындағаны үшін ақшалай</p>	<p>Депутаттардың, саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі заңнамада мекемелері қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары, Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдары қызметкерлерінің: Лауазымдық жалақы; Әскери атақтар бойынша жалақы; Арнаулы атағы үшін қосымша ақы; Сыныптық шен үшін қосымша ақы; Әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдары, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметі қызметкерлеріне қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақы; Экологиялық апат аймақтарында және көп жылдық ядролық жарылыстардың салдарынан зардап шеккен аумақтарда тұрғаны үшін үстеме ақы; Демалысқа ақы төлеу, қызметкер жұмыстан босаған жағдайда не қызметкердің қалауы бойынша пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы; 2000 жылғы 1 қаңтар-</p>

төлемдер.
Бұл ерекшелік бойынша лауазымдық жалақыға тұрақты сипаты бар және белгіленген қосымша ақылар, үстемеақылар және көтерілімдер көрсетіледі. Жеке табыс салығын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын және жалақыдан алынатын өзге де ұстап қалуларды осы ерекшеліктен аудару керек.

дан бастап және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақы төлеу шарттарының өзгеруіне байланысты мемлекеттік қызметшілерге төленетін жалақыдағы айырма;
"Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 131-бабына сәйкес белгіленген қосымша ақылар: қызметтерді қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені) немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақылар;
Басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің негізгі жалақысы:
Лауазымдық жалақылар (ставкалар); "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысымен белгіленген тұрақты сипатқа ие қосымша ақылар, үстемеақылар және көтерілімдер;
2000 жылғы 1 қаңтардан бастап және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақы төлеу шарттарының өзгеруіне (оның ішінде аудандық коэффициенттің, таулы, шөлді және сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін төленетін коэффициенттердің алынып тасталуына) байланысты төленетін жалақыдағы айырма; демалысқа ақы

			<p>төлеу, қызметкер жұмыстан босатылған жағдайда, не қызметкердің қалауы бойынша пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы;</p>
			<p>Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары, Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдары қызметкерлерінің: Смета бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік органның басшысының шешімімен белгіленген лауазымдық жалақыға үстемеақылар; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылы 18 маусымдағы N 3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 2002 жылғы 21 наурыздағы N 825 Жарлығының 1-тармағы 5-тармақшасының 3-абзацына сәйкес мемлекеттік органдардың орталық аппараттары әкімшілік</p>
		<p>Мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне берілетін</p>	

	Қосымша ақшалай төлемдер	ы н т а л а - ндыру, көтермелеу сипатындағы , сондай-ақ қосымша жұмыс істегені үшін ақшалай төлемдер.	<p>мемлекеттік қызметшілерінің сыйлықақысы; Смета бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік орган басшысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің Палатасы төрағаларының шешімімен төленетін сыйлықақылар;</p> <p>"Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 127, 128 және 129-баптарына сәйкес мерзімінен тыс жұмыстарға, түнгі уақыттағы мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға ақы төлеу. Басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қосымша ақшалай төлемдері: Смета бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік мекеме басшысының шешімімен қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандыратын үстеме ақылар, сыйлықақылар;</p> <p>"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабына сәйкес мерзімнен тыс жұмыстарға, мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға ақы төлеу</p>
			<p>Депутаттардың, саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің,</p>

Мемлекеттік меке-
мелердің қызмет-
керлеріне бері-
летін өтемдік сипаттағы
ақшалай төлемдер

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министр-
лігінің шет елдердегі
мекемелері қызметкер-
лерінің, әскери
қыз-метшілердің, құқық
қорғау органдары,
Төтенше жағдайлар
жөніндегі министрлігі-
нің мемлекеттік өртке
қарсы қызметі мен про-
куратура органдары
қызметкерлерінің:
"Арал өңіріндегі
экологиялық қасірет
салдарынан зардап
шеккен азаматтарды
элеуметтік қорғау
туралы" Қазақстан Рес-
публикасы Заңының
13-бабы 1-тармағының
4-тармақшасында көз-
делген сауықтыруға
арналған материалдық
к ө м е к ;
сауықтыру үшін жәрдем-
а қ ы ;
әскери қызметшілерге
(мерзімді әскери қыз-
меттегі қызметшілерден
басқа) және құқық қор-
ғау органдары қызмет-
керлеріне қызметтік
ауысу кезіндегі көше-
рақы жәрдемақылары;
әскери қызметшілерге,
оның ішінде мерзімді
әскери қызмет әскери
қызметшілеріне және
құқық қорғау органдары
қызметкерлеріне әскери
немесе арнайы қызмет-
тен босаған кездегі
біржолғы жәрдемақылар;
мемлекеттік қызметші-
лерге берілетін шығу
жәрдемақысы;
судьялардың қызметтен
кету кезіндегі біржол-
ғы шығу жәрдемақысы;
смета бойынша тиісті
органды ұстауға көз-
делген қаражатты үнем-
деу есебінен мемлекет-
тік орган басшысының

				<p>шешімі бойынша төленетін материалдық көмек ; аумақтық салық органдарының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне еңбектегі ерекше жағдайлары үшін берілетін өтемақы; мамандандырылған медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілеріне еңбектегі зиянды және қауіпті жағдайлар үшін берілетін өтемақы. Басқа мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің өтемақы төлемдері : смета бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік мекеме басшысының шешімімен қызметкерге көрсетілетін материалдық көмек; "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4-тармақшасында көзделген сауықтыруға арналған материалдық көмек ; "Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 157-бабына сәйкес жұмысынан айрылуына байланысты өтемақы төлеу.</p>
		<p>Соттардың, әскери</p>	<p>Бұл ерекшелік бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын, 1998</p>	

114		<p>қызмет-шілердің, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы органдары және мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары</p>	<p>жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10 жылдан аз әскери қызмет, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы қызмет өтілі бар Қазақстан Р е с п у б - л и к а с ы н ы ң әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы органдары және мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерін ақшалай қамту мөлшерінің 20%-ы мөлшерінде мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі. Жинақтаушы зейнетақы қорына судьяның ай сайынғы кірісінің 10 % мөлшерінде қосымша зейнетақы жарналары.</p>	
115		<p>А л қ а билердің жалақысы</p>	<p>Алқа билерінің еңбек ақысы о б л ы с - т ы қ судьяның және оған теңестірілген соттың лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқа биінің оның негізгі жұмыс орны бойынша сотқа қатысқан уақытына (жұмыс күндерінің санына) пропорционалды орташа жалақысынан кем емес. Алқа билерінің жалақысынан ұсталатын дербес кіріс салығын, жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы төлемін және басқа да ұсталымдарды осы ерекшеліктен аударған жөн</p>	

120		Жұмыс берушілер -лердің жарналары	
	121	Әлеуметтік салық	Мемлекеттік мекемелер бюджетіне аударатын аударымдар, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес есептелген әлеуметтік салық сома. сының шегінде уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша, жүктілігі мен босануы бойынша жәрдемақы төлемдері, мерзімінде төленбеген әлеуметтік салық сома. сына өсімпұлдар, айыппұлдар
	122	Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар	"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына төлейтін аударымдары
	125	Көлік құралдарының иелерін азаматтық құқықтық жауапкершілікке міндетті сақтандыруға арналған жарналар	Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру қызметтерін сатып алу
	126	Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің мемлекеттік міндетті жеке	Бұл ерекшелік бойынша қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларда мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін мемлекеттік міндетті жеке

		ке сақ- тандыруға жарналары	сактандыру жарналары жөнiн. дегi шығындар көрсетiледi.	
130	Тауарлар с а тып алу			
131	Азық-түлік өнім. дерін са. тып алу	Мемлекеттік мекемелердің жеткізушілерге немесе бөлшектеп сатушыларға жеке мұқтаждар үшін сатып алынған тамақ өнімдері үшін ақы төлеуі . Жекелеген мекеме. лердің асханалар. да тамақтанғанына ақы төлеу. Контингент (оқушы- лар, мерзімді қыз- меттің әскери қыз- метшілері, курсан- ттар) сапарға шығу арқылы өткізіле- тін іс-шараларға қатысқан кезде оларды тамақтанды. руға арналған шығ. ындар 159-ерекше. лік бойынша жүзеге асырылады.	жеке пайдалану үшін мемлекеттік мекемелер- дің азық-түлік өнім- дерін сатып алуы және с а қ т а у ы ; арнайы тағам; жануарлардың тағамы; құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар- ды жүргізу кезінде кәсіби және ерікті апаттан құтқару қыз- меттерінің және құры- лымдардың құтқарушы- лары үшін тағам сатып а л у ; мерзімді әскери қыз- метшілердің, әскери оқу орындары, ішкі істер органдарының оқу орындары курсанттары- ның, сотталғандардың, қылмыс жасағандығына күдіктілер мен кінә- л і л е р д ің ; Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қарашадағы N 1168 қаулысына сәйкес егер мемлекеттік мекеменің штат санында аспаздар көзделген болса, мектеп асханаларына азық-түлік өнімдерін сатып алу. Егер штат санында аспаздар көзделмеген болса, онда оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруды басқа заңды тұлға шарт бойынша іске асырады және бұл шығындар 149- ерекшелік бойынша көрсетіледі.	
132	Дәрі-дәр. мектер және ме - дициналық мақсат- тағы өзге	Мемлекеттік меке. мелердің бір жолғы және бірнеше рет пайдаланылатын дәрі-дәрмектер м е н медициналық мақ.	дәрі-дәрмектер мен байлап-таңу құрал- дарын, медициналық құрал-саймандарды және өзгелерді сатып алу; қан сатып алу;	

		де құрал-дарды сатып алу	саттағы өзге де құралдарды сатып алуға арналған шығындары	биопрепараттар сатып алу;
134	Заттық мүліктер-ді, нысанды және арнаулы киім-кешектер сатып алу, тігу және жөндеу	Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының қызметкерлері, кәсіпқой апаттан құтқару құралымдарының құтқарушылары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметшілері, әскери оқу орындарының курсанттары, әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері үшін мүліктік заттар, кеден қызметінің, прокуратура органдарының қызметкерлері, судьялар, сот приставтары, сот орындаушылары үшін арнаулы және нысанды киім-кешектер, мемлекеттік орман күзетінің және аң шаруашылығының, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік фитосанитариялық қызметпен мемлекеттік шекарада және көлікте ветаринарлық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринарлық қызметтің қызметкерлері үшін нысанды киім және айыру белгілерін сатып алуға, тігуге және жөндеуге арналған шығындар, сондай-ақ заттай мүлікті, нысанды және арнаулы киім-кешек		

			терді сатып арудың орнына ақшалай өтемақылар	
	135	Ерекше жабдықтар мен материалдар сатып алу	Әскери мақсаттағы заттарды, материалдарды, құралдарды сатып алуға, әскери маңызы бар объектілерді с а л у - ға арналған шығындар	
	139	Өзге де тауарлар сатып алу	131-135 ерекшеліктер бойынша көрсетілетін шығындарды қоспағанда, бір бірлігі үшін құны 40 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тауарларды сатып алуға арналған шығындар. Сондай-ақ осы ерекшелік бойынша тауарлар арзан және тез тозатын, қызмет ету мерзімі 1 жылдан аз, бір бірлігі үшін қ ұ н ы 40 есе айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар көрсетіледі.	
140		Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу		
	141	Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу	144 және 145-ерекшеліктерде көрсетілетін электр энергиясы мен жылуды қоспағанда, суға, газға және басқа коммуналдық қызметтерге арналған шығындар . Мемлекеттік мекемелер ғимараттар мен үй-жайларды, мемлекеттік мекеме болып табылмайтын ұйымдардан (т е н - герім ұстаушыдан) жалға алған ж а ғ - дайда, мемлекеттік мекеме (жалгер)	Ыстық, суық суға, кәрізге ақы төлеу; газға ақы төлеу; қызметтерге уақытылы

			осы ерекшелік бойынша коммуналдық қызметке ақы төлеуге арналған қаражатты теңгерім ұстаушының шотына аударады	ақы төлемегені үшін өсімпұл.
	142	Байланыс қызметтеріне ақы төлеу	Байланыстың барлық түрлерінің қызметтеріне, оның ішінде байланыс қызметтерін жеткізуші көрсететін байланыс арналарын орнату (қосу), үзіп т а с т а у жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.	телефондар үшін абоненттік ақы; қалааралық сөйлесу; ұялы байланыс; почта-телеграф шығындары; үкіметтік байланыс; ф а к с ; электронды почта; арнайы байланыс; спутникті байланыс; т е л е т а й п ; радио және т.б.
	143	Көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеу	Темір жол, теңіз, жүк, әуе және автомобиль көлігінің қызметтеріне арналған шығындарды қоса алғанда, мемлекеттік мекемелерге заңды және жеке тұлғалар көрсететін көліктік қызметтерге арналған шығындар. Бұған, сондай-ақ тасымалдау үшін заттарды дайындауға арналған шығындар кіреді.	көлікті жалдау; жабдықтарды, материалдарды, арнайы контингентті, әскери техниканы, әскерге шақырылғандарды тасымалдауға ақы төлеу және өзге де тасымалдар;
	144	Электр энергиясы үшін ақы төлеу	Пайдаланылған электрэнергиясы үшін төлемақы. Мемлекеттік мекемелер ғимараттар мен үй-жайларды, мемлекеттік мекеме болып табылмайтын ұйымдардан (теңгерім ұстаушыдан) жалға алған жағдайда, мемлекеттік мекеме (жалгер) осы ерекшелік бойынша электр энергиясына ақы төлеуге арналған қаражатты теңгерім ұстаушының шотына аударады	тұтынылған электр энергиясы үшін а қ ы т ө л е у ; қызметтерге уақытылы ақы төлемегені үшін өсімпұл;
			Барлық отынның түрлерін сатып алуға, тасымалдауға, тиеу-	

	145	Жылуға ақы төлеу	<p>ге, түсіруге және сақтауға арналған шығындарды қоса алғанда, пайдаланылған жылу энергиясы үшін төлемақы. Мемлекеттік мекемелер ғимараттар мен үй-жайларды, мемлекеттік мекеме болып табылмайтын ұйымдардан (теңгерім ұстаушыдан) жалға алған жағдайда, мемлекеттік мекеме (жалгер) осы ерекшелік бойынша жылуға ақы төлеуге арналған қаражатты теңгерім ұстаушының шотына аударады</p>	<p>барлық отын түрлерін сатып алуға, тасымалдауға, тиеуге, түсіруге және сақтауға арналған шығындарды қоса алғанда, тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы төлеу. қызметтерге уақытылы ақы төлемегені үшін өсімпұл;</p>
			<p>Ғимараттар мен үй-жайларды ағымдағы жөндеуге, жабдықтарды, көлік құралдарын және басқа да негізгі құралдарды ағымдағы және күрделі жөндеуге, сондай-ақ негізгі құралдарды ұстау мен қызмет көрсетуге тікелей байланысты шығындар.</p> <p>Ғимараттар мен үй-жайларды ағымдағы жөндеуге арналған шығындар - объектінің техникалық жай-күйін сақтау және ұстап тұру мақсатында жүйелі түрде жүргізілетін, ғимараттар мен үй-жайларды жөндеуге арналған шығындар.</p> <p>Жабдықтарды, көліктік және басқа да негізгі құралдарды ағымдағы және күрделі жөндеуге жұмыстардың мынадай түрлері жатқызылуы</p>	

Ғимараттарды, үй-жайларды ұстау, оларға қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, жабдықтар мен басқа да негізгі құралдарды жөндеу

м ү м к і н :
 электр-техникалық жабдықтардың үздіксіз және апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
 сыртқы инженерлік желілерге қызмет көрсету;
 лифтілердің үздіксіз және апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
 ғимарат желдеткішінің енгізу-шығару жүйесінің үздіксіз және апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету ;
 өрт қауіпсіздігін, өрт дабылының және түтін шығарғыштың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету ;
 сондай-ақ жабдықтарды, көліктік және басқа да негізгі құралдарды алдын ала қарау жұмыстарын жүргізу .
 Ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды, көліктік және басқа да негізгі құралдарды ұстауға және оларға қызмет көрсетуге жұмыстардың мынадай түрлері жатқызылуы
 м ү м к і н :
 ғимараттың ішкі үй-жайларын және қасбетін, сондай-ақ оның маңындағы аумақты таза ұстау;
 ғимараттардың маңындағы аумақтарды абаттандыру мен көгалдандыруды жүргізу және ғимараттардың ішіндегі жасыл желектерге

		<p>күтім жасау; ғимараттардың ішкі үй-жайларын және оның маңындағы аумақты санитарлық өңдеу; олардың маңындағы аумақтағы қоқыс пен қарды шығару; ғимараттарды және оның маңындағы ау- мақты күзетпен, дабылмен және күзе- ту жөніндегі басқа да құралдармен, өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету; ғимараттарды және оның ішкі үй-жайла- рын мерекелік күн- дерге және басқа да іс-шаралар өткізі- зу кезінде безендіру жөніндегі жұмыстарды орындау. Үй-жайларды жайластыру үшін қажетті тауарларды сатып алу (бра, шамдар, люстралар, перделер , күнперделер және т.б.) 139- ерекшелік бойынша көрсетіледі.</p>	
		<p>Негізгі құралдарды ұстау, жөндеу, оларға қызмет көр- сету өз күшімен не- месе басқа ұйым арқылы жасалғанына қарамастан, бұл ерекшелік бойынша ұстауға, қызмет көрсетуге және жөн- деуге қатысатын штаттан тыс жөке тұлғалардың еңбе- гіне ақы төлеуге (оның ішінде жала- қыдан ұстап қалулар мен есептеулер), негізгі құралдарға қызмет көрсетуге және ұстауға қажет- ті тауарларды, не- гізгі құралдарды жөндеуге пайдала- нылатын құрылыс материалдарын,</p>	

			<p>олардың жұмыс істеуі үшін қажетті есептегіш, ұйымдық және телекоммуникациялық техникалар үшін жинақтайтын бұйымдар, жабдықтар, көлік құралдары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға арналған шығындар және ұстауға, қызмет көрсетуге және жөндеуге тікелей байланысты басқа да шығындар. Көлік құралдарына жанар-жағармай, принтерлерге картридждер жабдықтарға және желілер жүргізуге арналған басқа да шығыс және желілік материалдар (кабель, коннекторлар) 139-ерекшелік бойынша көрсетіледі</p>	
147	Үй-жайды жалға алу төлемдері	<p>Бұл ерекшелік бойынша үй-жайларды жалға алғаны үшін төлемақы көрсетіледі. Жалға алынған үй-жайды ұстауға, коммуналдық қызметтерге арналған шығындар, электр энергиясына, жылуға арналған шығындар тиісті ерекшеліктер бойынша жіктеледі.</p>		
148	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтерге ақы төлеу	<p>Әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар бойынша үкіметтік емес ұйымдар көрсететін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі қызметтерге ақы төлеу</p>		
			<p>шарт бойынша заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтер, жұмыстар, оның ішінде банк қызметтері ; еңбек шарттары бойынша штаттан тыс</p>	

	149	Өзге де қызметтер мен жұмыстар	141-148-ерекшеліктерде көрсетілмейтін қызметтерге, жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі шығындар	қызметкердің, оның ішінде жүргізушілердің еңбегіне ақы төлеу, сондай-ақ штаттан тыс жұмыскерлерге, жүргізушілерге төлеуге есептелетін жалақыдан ұстап қалу, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы, жұмыс берушілердің жарналары; штаттан тыс жұмысшылар мен жүргізушілердің еңбек шарты бойынша іссапар шығындарына ақы төлеу.
150		Басқа да ағымдағы шығындар		
	151	Ел ішіндегі іс-сапарлар мен қызметтік сапарлар	Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарларға арналған шығындар	Іссапарда болған уақыт үшін тәуліктік шығыстар; баратын жерге және кері жол жүру жөніндегі шығыстар; тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар; заңнамада белгіленген басқа да шығыстар
	152	Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар	Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге қызметтік іс-сапарларға арналған шығындар	Іссапарда болған уақыт үшін тәуліктік шығыстар; баратын жерге және кері жол жүру жөніндегі шығыстар; тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар; заңнамада белгіленген басқа да шығыстар
	153	Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары	Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге арналған шығындар. Бұл ерекшелік бойынша шығындар бюджетте мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп-	киімдерді, аяқ киімдерді, оқулықтарды, оқу құралдарын, мектеп-жазба керек-жарақтарын с а т ы п а л у ; мектептерде тамақтандыруды қамтамасыз ету; ақшалай көмек көрсету; санаторий-курорттық мекемелерге және демалыс лагерлеріне жолдамалар сатып алу; оқушылардың мәдени-

			терді ұстауға көз-делген шығындардың кемінде бір пайызы мөлшерінде айқындалады.	бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын қаржылық қамтамасыз ету.
154	Алқабилердің ел ішіндегі іссапарлары	Алқа билеріне кандидаттардың (алқа билерінің) елдің ішіндегі іссапар шығыстары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлер үшін арналып Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерінде өтелсін		Іссапарда болған уақыты үшін тәуелсіз төлем ақылар; баратын жеріне және кері қайтқандағы жол шығыстары; тұрғын жай жалдау шығыстары; заңнамада белгіленген басқа да шығыстар
155	Орындау құжаттарының атқарылуы	Бұл ерекшелік бойынша атқару құжаттарын орындау жөніндегі шығындар көрсетіледі. Тартылатын заңгерлерге, консультанттарға ақы төлеу жөніндегі шығындар 149-ерекшелік бойынша көрсетіледі, мемлекеттік баж төлеу 159-ерекшелікте көрсетіледі.		
157	Ерекше шығындар	Құқық қорғау органдарындағы, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс органдарындағы ерекше шығындар		
				Әскери қызметкерлерді, ішкі істер органдары мен қаржы полициясының қызметкерлерін және сотталғандарды жерлеуге арналған шығындар; халықты әлеуметтік қорғау органдарының мектеп-интернаттарының қамқорлығындағыларды жерлеуге арналған шығындар; өкілеттік шығындар;

159	Өзге де ағымдағы шығындар	Бұл ерекшелікте басқа ерекшелік-терге жатқызылмаған ағымдағы шығындар көрсетіледі.		<p>жеке табыс салығын уақытылы аудармағаны үшін өсімпұл, айыппұл; міндетті зейнетақы жарналарын уақытылы төлемегені үшін өсімпұл; айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялық төлемдер, кіру жарналары; қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем, мемлекеттік баж, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, олар бойынша өсімпұл және айыппұлдар (121-ерекшелік бойынша төленетін әлеуметтік салықтан басқа); сайлауларды өткізу: кандидаттардың мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеуі; кандидаттардың сайлау алдындағы көпшілік іс-шаралар өткізуі және үгіт-насихат материалдарын шығару;</p>
				<p>кандидаттардың көліктік шығындары (көлік жалдау, жанар-жағармай); кандидаттардың жалақысын өтеу. мәдени, спорттық және басқа да іс-шаралардың жеңімпаздары мен қатысушыларына әр түрлі сыйлықтар, жүлделер, естелік сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, қызметкерлерге еңбегі</p>

			<p>үшін ақшалай төлемдерді қоспағанда, жеке тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік мекемелердің қыметкерлеріне көтермелеу сипатындағы басқа да ақшалай төлемдер; бостандығын шектеу, қамау немесе бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден босатылатын тұлғалар үшін тұратын жеріне дейін жол жүру билеттерін сатып алу; автокөлік құралдарын міндетті техникалық тексеру; мемлекеттік мекемелер жұмыскерлерінің іссапар шығыстарынан басқа, сапарға шығу арқылы өткізілетін іс-шараларға байланысты шығындар (жол жүру, тұру, тамақтану); мәслихат депутаттарының негізгі жұмыс орны бойынша оларға орташа жалақыларын өтеу; басқа ерекшеліктер бойынша жіктелмейтін басқа да шығыстар;</p>
210	Ішкі қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) төлемдері		
211	Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі қарыздары бойынша сыйақылар-	Ішкі капитал рыноктарында қарызға алынған қаражатты пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) төлемдері (мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды, екінші деңгейдегі банктерден алынған	

		ды(мүдделерді) төлеу	кредиттерді орналастыру нысанында және басқа да нысандарда)	
	212	Республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақылар (мүдделерді) төлеу	Жергілікті атқарушы органдар республикалық бюджеттен алған қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) төлемдері	
	220	Сыртқы заемдар бойынша сыйақылар (мүдделерді) төлеу	Экономиканың басқа субъектілерінің резидент еместер алдындағы міндеттемелері бойынша гарант ретінде мемлекеттік басқару органдары жүзеге асыратын сыйақы (мүдде) төлемдері енгізілмейді. Мұндай төлемдер 510-сыныпша ерекшеліктері бойынша көрсетіледі	
	221	Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздары бойынша сыйақы (мүдде) төлемдері	Сыртқы капитал рыноктарында қарызға алынған қаражатты пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) төлемдері (мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды, халықаралық қаржы ұйымдарынан, шетел мемлекеттерінің үкіметтерінен, шетелдік коммерциялық банктер мен фирмалардан алынған кредиттерді орналастыру нысанында)	
310		Занды тұлғаларға ағымдағы трансферттер		

	311	Шаруа (фермер) қожалықтарына және заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар	Мемлекеттік мекеме және қоғамдық бірлестік болып табылмайтын заңды тұлғаларға және шаруа (фермер) қожалықтарына берілетін субсидиялар	
330		Жеке тұлғаларға ағымдағы трансферттер		
	332	Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер	Жеке тұлғалардың иелігіндегі кірісті ұлғайтуға, не шығындардың немесе зияндарының белгілі бір түрлерін толық немесе ішінара өтеуге арналған ақшалай нысандағы төлемдер. Жергілікті өкілетті органдар жеке тұлғаның (алушының) жазбаша өтініші бойынша жәрдемақыларды қызметтерді жеткізушілердің шотына аударуды көздейтін аз қамтылған отбасыларға (азаматарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін белгілеген кезде бұл шығындар осы ерекшелік бойынша жүзеге асырылады. Өтемақылардан алынатын ұстап қалулар осы ерекшелік бойынша аударылады.	Әлеуметтік төлемдер; әлеуметтік көмек; заңнамаға сәйкес қызметкерлер мен қызметшілерге олардың еңбек міндеттерін атқаруға байланысты мертігуден не денсаулығының өзге де зақымдалуынан келген залалдың орнынтолтыру; жеке тұлғаларға берілетін басқа да трансферттер.
	333	Зейнетақылар	Бұл ерекшелік бойынша зейнетақы төлемдері көрсетіледі.	
			Бұл ерекшелік бойынша стипендиялар, ішкі істер органдарының офицер құрамы қатарынан күндізгі оқунысаны бойынша оқып жатқан әскери оқу орындары, арнаулы оқу орындары тыңдаушыларының, адъюнкттердің стипендияларын, ақша-	

	334	Стипендиялар	лай жабдықталуын төлеу жөніндегі шығындар көрсетіледі. Ішкі істер органдарының офицер құрамының және басшы құрамының қатарынан күндізгі оқу нысаны бойынша оқып жатқан әскери оқу орындары, арнаулы оқу орындарындағы, арнаулы оқу орындарының, адъюнкттердің ақшалай жабдықталуы мөлшерінің 20%-ы мөлшеріндегі міндетті зейнетақы жарналарын аудару осы ерекшелік бойынша жүргізіледі.	
340		Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер		
	341	Субвенциялар	Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне, облыстық бюджеттен аудандық (қалалық) бюджеттерге берілетін субвенциялар	
	342	Бюджеттік алып қоюлар	Аудандық (қалалық) бюджеттен облыстық бюджетке немесе облыстық бюджеттен және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен республикалық бюджетке алынатын бюджеттік алып қоюлар	
		Мемлекеттік басқарудың		

	349	басқа деңгейлеріне берілетін өзге де ағымдағы трансферттер	Бюджеттердің 341, 342-ерекшеліктер бойынша жіктелмейтін әр түрлі деңгейлері арасындағы трансферттер	
350		Шетелге берілетін ағымдағы трансферттер		
	351	Шетелдегі ұйымдарға ағымдағы трансферттер	Республиканың халықаралық ұйымдардағы мүшелігіне байланысты шығындар	халықаралық ұйымдарды үлестік ұстау; мүшелік жарналар; халықаралық ұйымдарға кіру жарналары және көпжақты конвенциялар.
360		Өзге де ағымдағы трансферттер		
	369	Әр түрлі өзге де ағымдағы трансферттер	310-350-сыныпшаларға жатқызылмайтын трансферттік төлемдер жөніндегі шығындар	
410		Негізгі капиталды сатып алу		
	411	Негізгі құралдарға жататын тауарларды сатып алу	412 "Үй-жайларды, ғимараттарды және құрылыстарды сатып алу" ерекшелігі бойынша жіктелетін үйлер мен ғимараттарды және 135-ерекшелік бойынша жіктелетін әскери мақсаттағы жабдықтарды қоспағанда, бір бірлігі үшін құны 40 есе айлық есептік көрсеткіштен асып түсетін тауарларды сатып алу. Бір білігі үшін құны 40 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, бірақ негізгі құралдарға жататын тауарлар сатып алуды 139 "Өзге де	

			тауарлар сатып алу" ерекшелігі бойынша көрсету қажет	
	412	Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды сатып алу	Үй-жайлар, ғимараттар және құрылыстар сатып алуға арналған шығындар, сондай-ақ үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстар орналасқан жерді сатып алуға арналған шығындар. Егер сатып алынған үй-жайлардың, ғимараттардың және құрылыстардың құнына ғимаратпен бірге сатып алынған активтердің, мысалы жабдықтардың құны қосылса, онда оларға арналған шығындар осында көрсетіледі.	
420		Негізгі капиталды құру	Бұл сыныпшада құрылыс қызметімен байланысты өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы негізгі қорларды жаңа тиісті объектілерді (ғимараттарды, құрылыстар мен олардың кешендерін және телекоммуникацияларын) тұрғызу және (немесе) өзгерту, онымен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықты монтаждау (демонтаждау), құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларын жасау, сондай-ақ қалпына келтіру мен күрделі жөндеуді қоспағанда, құрылысы аяқталмаған объектілердің құрылысын тоқтатып қою және өз ресурсын тауысқан объектілерді кейіннен кәдеге жарату бой-	

			ынша жұмыстарды жүргізу арқылы құру жөніндегі барлық шығындар көрініс табады. Жобаға дейінгі құжаттаманы (техникалық-экономикалық негіздемені) әзірлеуге және сараптауға арналған шығындар 149-ерекшелік бойынша жіктеледі.	
	421	Ғимараттар мен құрылыстар салу	Қайта жаңарту мен күрделі жөндеуден басқа, ғимараттармен құрылыстар салуға арналған шығындар. Әскери мақсаттағы үйлер мен ғимараттарды салуға арналған шығындар 135-ерекшелік бойынша жіктеледі.	
	422	Жолдар салу	Күрделі жөндеуден басқа жолдар салуға арналған шығындар	
430		Күрделі жөндеу	Бұл сыныпшада үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар және жолдарды күрделі жөндеуге және қайта жаңартуға арналған шығындар көрсетіледі. Осы шығындар күрделі жөндеумен және қайта жаңартумен айналысатын жұмысшылардың жалақысын (оның ішінде жалақыдан ұстап қалу), әлеуметтік салықты, жинақтаушы зейнетақы қорларына түсетін жарналарды, күрделі жөндеу және қайта жаңарту үшін қажетті заттар, материалдар мен жабдықтар сатып алуды, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына арналған шығындарды, сондай-ақ	

			<p>күрделі жөндеу және қайта жаңарту шаруашылық тәсілмен немесе келісім-шарт бойынша жүргізілуіне қарамастан, күрделі жөндеумен және қайта жаңартумен тікелей байланысты басқа да шығындарды қамтуы мүмкін. Жабдықтарды, көлік құралдарын және басқа да негізгі құралдарды күрделі жөндеу 146-ерекшелік бойынша көрсетіледі</p>	
431	Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды күрделі жөндеу	<p>Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, сумен жабдықтау жүйелері мен желілерді, кәрізді, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды күрделі жөндеумен және қайта жаңартумен байланысты шығындар.</p>		
432	Жолдарды күрделі жөндеу	<p>Әуеайлақтардың жолдарын және ұшу-қону алаңдарын күрделі жөндеуге байланысты шығындар. Ағымдағы жөндеу, ұстау, көгалдандыру, сондай-ақ орташа жөндеу (жарықтарды толтыру, жолдардың жұқарған учаскелерін қайтадан жабу) 149-ерекшелікте басқа қызметтер ретінде жіктеледі.</p>		
450	Жер және материалдық емес активтер сатып алу			
		Мемлекеттің жердің кез келген түрін, ормандарды, ішкі суларды және пайдалы қазбалардың кен		

451	Жер алу	сатып арналған шығындар. Егер мемлекет сатып алған жерде құрылыс тұрса және ғимараттың құны жердің құнынан бөлек бағаланса, құрылысты сатып алуға арналған шығындар 412-ерекшелікке жатқызылуы тиіс. Егер құрылысты сатып алуға арналған шығындар жер сатып алуға арналған шығындардан бөлінбесе, жер мен құрылыстың құнын не осы ерекшелікке, не болмаса жер мен құрылыстың неғұрлым бағалы болып табылуына қарай 412-ерекшелікке жатқызу қажет.	
452	Материалдық емес активтер сатып алу	Жеке объектілер болып табылмайтын материалдық емес активтерді сатып алу (жер қойнауын және геологиялық ақпаратты өңдеу құқығын сатып алу, балық аулау кәсіпшілігін жүргізу, сондай-ақ өзге де концессияларға арналған шығындар, патенттерді, лицензияларды және авторлық құқықтарды, сауда белгілерін, гудвилл және басқаларды пайдалану, бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық жүйелер үшін оларға лицензиялар сатып алу және басқалар).	
		Күрделі трансферттер дегеніміз басқару органдарының қаржылық талаптардың	

460		Ел ішіндегі күрделі трансферттер	туындауына немесе өтелуіне әкеп соқтырмайтын қайтарымсыз біржақты төлемдерін білдіреді. Мұндай трансферттер оларды алушылардың негізгі құралдарды, және материалдық емес активтерді, құрылыс қызметін сатып алуға арналған шығындарына, негізгі құралдардың бұзылуымен немесе бүлінуімен байланысты шығыстарды өтеуге арналған.	
	461	Заңды тұлғаларға берілетін күрделі трансферттер	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу үшін, сондай-ақ құрылыс қызметін қаржыландыру үшін күрделі трансферттер. Бұған сонымен қатар кәсіпорындарға материалдық емес активтерді сатып алуға берілетін трансферттік төлемдерге арналған шығындар да кіреді. Алайда құрылыстарды салуға немесе тек әскери мақсаттарда ғана пайдаланылатын негізгі жабдықтарды сатып алуға кәсіпорындарға берілетін трансферттер 311-ерекшелікте ағымдағы трансферттік төлемдер ретінде жіктелуі тиіс.	
464		Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне күрделі трансферттер	Инвестициялық мақсаттарға негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатып алу үшін мемлекеттік басқарудың әр түрлі деңгейлеріне берілетін трансферттерге арналған шығындар және	

			өзге де күрделі шығындар	
470		Шетелге күрделі трансферттер		
	471	Халықаралық ұйымдарға және шетелдік мемлекеттердің үкіметтеріне күрделі трансферттер	Халықаралық ұйымдарға және шет мемлекеттердің үкіметтеріне күрделі мақсаттар үшін берілетін трансферттерге арналған шығындар.	
	472	Шетелде стипендиаттарға оқу төлеу күрделі трансферттер	Стипендиаттарды шет елдерде оқытуға ақы төлеуге арналған күрделі трансферттерді шет елдерде мамандар даярлаудың халықаралық бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге аудару	
510		Ішкі бюджеттік кредиттер	Бюджет қаражатын қайтарымды негізде ел ішінде бөлу	
	511	Жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	Бюджет қаражатын қайтарымды негізде жергілікті атқару органдарына бөлу	
	512	Қарыз алушы банктерге берілетін бюджеттік кредиттер	Бюджет қаражатын қайтарымды негізде қарыз алушы банктерге бөлу	
	514	Жеке тұлғаларға берілетін бюджеттік кредиттер	Бюджет қаражатын қайтарымды негізде жеке тұлғаларға бөлу	
	519	Өзге де ішкі бюджеттік кредиттер	Қайтарымды негізде берілетін, 511-514-ерекшеліктер бойынша жіктелмейтін бюджет қаражаты	
520		Сыртқы бюджеттік кредиттер	Бюджет қаражатын қайтарымды негізде шет мемлекеттерге бөлу	
		Шетелдік мемлекет-		

	521	терге берілетін бюджеттік кредиттер	Шет мемлекеттерге қайтарымды негізде берілетін бюджет қаражаты	
610		Қаржы активтерін сатып алу	Ел ішіндегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алу жөніндегі операциялармен байланысты бюджет шығыстары	
	611	Заңды тұлғалардың қатысу үлесін, бағалы қағаздарын сатып алу	Заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатып алуға арналған, мемлекеттік кәсіпорындардан басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға арналған бюджет шығыстары	
	612	Мемлекеттік кәсіпорындардың жарғалық капиталын қалыптастыру және ұлғайту	Мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және ұлғайтуға арналған бюджет шығыстары	
620		Елден тысқары жерлерден қаржы активтерін сатып алу	Елден тысқары жерлердегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын мемлекеттік меншікке сатып алу жөніндегі операциялармен байланысты бюджет шығыстары	
	621	Халықаралық ұйымдардың акцияларын сатып алу	Халықаралық ұйымдардың акцияларын сатып алуға арналған бюджет шығыстары	
710		Ішкі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу	Ішкі қарыздар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу. Ішкі қарыздар бойынша сыйақы төлемдері 210-сыныпшада көрсетіледі.	
		Жоғары тұрған бюджет-		

711	тік алу алдында негізгі борышты өтеу	Жоғары тұрған бюджеттен алынған қарыздар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу	
712	Ішкі рынокта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу	Ішкі рынокта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу	
713	Қарыздың ішкі келісім-шарттары бойынша негізгі борышты өтеу	Ішкі қарыз келісім-шарттары бойынша негізгі борыш сомасын өтеу	
720	Сыртқы қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу	Сыртқы қарыздар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу. Сыртқы қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) төлемдері 220-сыныпшада көрсетіледі.	
721	Сыртқы рынокта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу	Сыртқы рынокта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу	
722	Қарыздың сыртқы келісім-шарттары бойынша негізгі борышты өтеу	Сыртқы қарыз келісім-шарттары бойынша негізгі борыш сомасын өтеу	